

**«Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университет» АҚ
2024-2025 оқу жылындағы Ғылыми Кеңес отырысының
№4 хаттамасынан**

КӨШРМЕ

Шымкент қаласы

Сағат 15:00

Қатысқандар – Ғылыми кеңес мүшелері.

30 қазан, 2024 жыл

Ғылыми кеңес залы

Күн тәртібінде:

5. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы – 2024» конкурсына Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университеттің профессор-оқытушылар құрамынан үміткерлерді ұсыну туралы

Төраға: Бүгінгі Ғылыми кеңес мәжілісінің күн тәртібіндегі өзекті мәселе - Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы – 2024» конкурсына Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университеттің профессор-оқытушылар құрамынан үміткерлерді ұсыну. Бірнеше үміткерлерден өтініш түсті. Конкурсқа ұсынылған құжаттарды Сараптамалық топ комиссиясы қарастырып, комиссия шешімімен «Орыс және өзбек тілдері» кафедрасының философия докторы (PhD), аға оқытушы Наралиева Шахло Джамаловнаның кандидатурасы өтіп отыр. Үміткердің өмірбаяны, еңбек жолымен Стратегиялық даму және ғылым жөніндегі проректор Арзымбетова Шолпан Жақсылыққызы таныстырып өтсін.

Шолпан Жақсылыққызы: Ш.Д.Наралиеваның жалпы ғылыми-педагогикалық еңбек өтілі – 35 жыл. Шахло Джамаловна 1973 жылы дүниеге келген. Мирзо Улугбек атындағы Өзбекстан Ұлттық университетін 1997 жылы бітірген. 2022 жылы А.Науаи атындағы Ташкент мемлекеттік өзбек тілі мен әдебиеті университеті базасында педагогикалық ғылымдар бойынша философия (PhD) докторы ғылыми дәрежесін алу үшін диссертациялық жұмысын қорғап, (30.06.2022 жылы ӨР ЖАК ғылыми дәрежесі растаған PhD доктор дипломына (ҚР ҒЖБМ «Жоғары білім беруді дамыту ұлттық орталығы» ЦДЖҚ РМК-ның Білім туралы шетелдік құжатты тану туралы №0038786 КУӘЛІК, 22.01.2024 ж. тіркеу нөмірі №173106) ие болды.

Білікті маман, ғалым ретінде төмендегі жетістіктерге ие болған:

130-дан астам ғылыми-әдістемелік еңбектері республикалық, халықаралық деңгейде жарық көрді. 62-ге оқу құралдарының авторы. Оның ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі жанындағы Республикалық оқу-әдістемелік кеңесі басып шығаруға ұсынған 19 оқулық

пен 17 электронды оқулық; сонымен қатар 18 оқу-әдістемелік кешені бар. Шахло Джамаловнаның 70-тен астам мақаласы жарық көрді: 3 мақаласы ӨР ЖАК ұсынған ғылыми басылымдарда және 2 мақаласы Scopus журналдарында, 2 мақаласы Импакт-фактор, қалғандары шетелдік журналдар мен халықаралық конференцияларда. Білім және ғылым министрі бекіткен 6 типтік бағдарламалардың авторы.

Өзбекстан Республикасының «Электрон есептегіш машиналары үшін жасалынған бағдарламалар және ақпараттар базаларының құқықтары туралы» Заңнамасына сәйкес «Сырдарья балалар фольклорлық билері терминдерінің өзбекше-орысша-ағылшынша қысқаша түсіндірме сөздігі» электрон есептегіш машиналары үшін жасалынатын бағдарлама патентінің қосалқы авторы (13.12.2022ж.№DGU 21196).

Жалпы білім беру мекемелерінің негізгі пәндері бойынша 2, 4, 5, 9, 10, 11-сыныптарға арналған оқу бағдарламалары, орта мерзімді жоспарлауды қазақ, орыс тілдерінен өзбек тіліне аудару жұмыстары бойынша шығармашылық топ жетекшісі, аудармашысы (2017-2022жж.).

ҚР Оқу ағарту министрлігі Орта білім беру комитетінің Білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын, Үлгілік оқу жоспарлары мен Үлгілік оқу бағдарламаларын жетілдіру бойынша құрылған жұмыс тобының мүшесі: негізгі орта білім беру деңгейінің 5, 9-сыныптарына арналған «Өзбек тілі», «Өзбек әдебиеті» (оқыту өзбек тілінде) үлгілік оқу бағдарламалары, Жалпы білім беру деңгейінің жаратылыстану-математикалық және қоғамдық-гуманитарлық бағыттарындағы 10-11-сыныптарына арналған «Өзбек тілі», «Өзбек әдебиеті» (оқыту өзбек тілінде) үлгілік оқу бағдарламаларының авторы (2024ж.).

Үміткердің іргелі ғылыми дайындығы бар, қазіргі заманғы эксперименттік әдістерді меңгерген, заманауи ақпараттық технологияларды, оның ішінде ғылыми ақпаратты алу, өңдеу және сақтау әдістері: қазіргі заманғы ғылыми және практикалық мәселелерді тұжырымдап, шешу, ұйымдастырумен жүргізу. Шетел тілін білу деңгейі - жоғары. 10-нан астам біліктілікті арттыру сертификаттары бар.

Ташкент қаласындағы А.Науаи атындағы Ташкент мемлекеттік өзбек тілі мен әдебиеті университетінде ғылыми тағылымдамадан өтті. Наралиева Шахло Джамаловнаның Қазақстан Республикасында жоғары білікті кадрлар даярлауға және жоғары білім беруді дамытуға зор үлес қосып келеді, сондай-ақ азаматтық борышы, кәсіби және қоғамдық қызметі ұлтаралық келісім мен ынтымақты жалпыадамзаттық құндылықтармен нығайту ұстанымын ұштастырған азамат - Қазақстан халқы Ассамблеясының «Бірлік» алтын медалі (2019ж.), Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасы орынбасары Е.Тоғжановтың Алғыс хаты (2010ж.); ҚР Білім және ғылым министрінің «Құрмет грамотасы» (2016ж., 2017ж., 2018ж., 2019ж.); Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының «Құрмет грамотасы», «Алғыс хаттары» (2014-2021жж.); ОҚО Өзбек мәдени орталығының «Қоғам қайраткері» (2014ж.); «ОҚО Өзбек мәдени орталығының 25 жылдығы»

медалі (2016ж.); ҚР өзбектері «Дустлик» қауымдастығының «Дустлик» төсбелгілері; Шымкент қалалық білім бөлімі мадақтама, алғыс хаттары (2006-2014жж.); Оңтүстік Қазақстан облысы білім басқармасының мақтау қағаздары, алғысхаттары (2005-2016жж.); Шымкент қаласы әкімінің Алғыс хаттары (2006ж., 2008ж., 2012ж. 2024ж.); жастарды тәрбиелеуде толеранттылық, бір-біріне деген құрмет, достық пен ұлтаралық келісімді нығайтуға қосқан зор үлесі үшін Өзбекстанның Қазақстандағы Елшісінің «Құрмет грамоталының» (2024ж.) иегері.

«6B01704-Өзбек тілі мен әдебиеті мұғалімін даярлау» (бакалавр), «7M01704-Өзбек тілі мен әдебиеті педагогтерін даярлау» (магистратура) білім беру бағдарламаларының авторы. Осы білім беру бағдарламаларының студенттері Шахло Джамаловнаның жетекшілігімен республикалық, халықаралық олимпиадалар мен байқауларға қатысып, жыл сайын жүлделі орындарға ие болып жүр. «7M01704-Өзбек тілі мен әдебиеті педагогтерін даярлау» мамандығы бойынша 10 магистрантқа жетекшілік етеді.

Төраға: Рахмет, сұрақ, ұсыныс-пікірлеріңіз бар ма? Жоқ болса, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы – 2024» конкурсына қатысу үшін «Орыс және өзбек тілдері» кафедрасының философия докторы (PhD), аға оқытушы Наралиева Шахло Джамаловнаның кандидатурасын дауысқа салайық. Қарсы, қалыс – жоқ, бірауыздан.

ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1 ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы – 2024» атағын беру конкурсына «Орыс және өзбек тілдері» кафедрасының философия докторы (PhD), аға оқытушы Наралиева Шахло Джамаловнаның кандидатурасы ұсынылсын.

Ғылыми кеңес төрағасы



Қ.Байболов

Ғалым хатшы

Л.Абенова